

"Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекеме туралы ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 231 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қыркүйекте № 5911 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 4 мамырдағы № 99 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 04.05.2016 № 99 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекеме туралы ережесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес " Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне әділет органдарында қайта тіркелу қамтамасыз етілсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

A.Исмагұлов

Әкімдіктің
2015 жылғы 24 тамыздағы
№ 231 қаулысымен бекітілген

**"Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын
үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі
және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік
мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомствосында Қарабалық ауданы әкімдігінің "Жылу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны бар.

3. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ мемлекеттік мекемесі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

5. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілдегі берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуга құқығы бар.

7. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110900, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық кенті, Космонавтов көшесі, 31.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылтай құжаты болып саналады.

12. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатаинастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы - адамның толыққанды өмір сұру ортасын құру, Қарабалық ауданының елді мекендер мен аумақтарының инфрақұрылым кешенін тұрақты дамыту, көлік және коммуникациялар саласында қызметті қамтамасыз ету.

15. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

- 1) автомобиль жолдарды құтіп ұстау мен жөндеуін ұйымдастыру және көлік, жол инфрақұрылымын дамыту;
- 2) автожол саласының қауіпсіздік деңгейін арттыру;
- 3) тұтынушыларды сапалы коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жүйесін жаңғырту және тиімділігін арттыру;
- 4) адамдардың тіршілік етуіне қолайлы санитариялық-эпидемиологиялық

орта жасау;

5) ведомствоға бағынысты қесіпорындар қызметінің қаржылық-шаруашылығын мониторингілеу;

6) меншік нысанынан тәуелсіз ауданды жылу және электр энергиясымен, сумен, отынмен тұрақты жабдықтауда қатысушылардың (жабдықтаушылар мен тұтынушылардың) барлығын жедел үйлестіру;

7) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету.

16. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі функцияларды іске асырады:

1) аудан қесіпорындарының күзгі-қысқы жағдайларда және су тасқыны кезінде жұмысқа дайындығын бақылау және дайындық жұмыстарын үйлестіруді жүзеге асыру;

2) аудан елді мекендерін абаттандыру және санитарлық тазалау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, санитарлық тазалау айлықтарын ұйымдастыру;

3) аудан инфрақұрылымы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытудың басым бағдарламаларын талдау, түзету және жүзеге асыруға жәрдем ету;

4) тұрғын-үй-коммуналдық қызметтер, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында бәсекелестік рыногын дамыту;

5) тұрғын үй қорын сақтау және тиісінше пайдалану жөнінде іс-шаралар ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

6) энергияны үнемдеу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын, жолаушылар көлігін және автомобиль жолдарын дамыту жөніндегі іс-шараларды бақылау;

7) жобалардың мемлекеттік сараптамасының республикалық және аумақтық бөлімшелерімен, лицензиялау органдарымен өзара іс-әрекеттер жасау;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес жалпы пайдаланудағы аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, қайта құру, жөндеу және күтіп ұстау жөнінде жұмыстарды ұйымдастыру;

9) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;

10) энергетика, тұрғын үй-коммуналдық саласындағы мемлекеттік саясатты және аудан инфрақұрылымын дамыту бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;

11) меншік нысанына қарамастан ауданды жылумен, сумен, газбен және электр энергиямен, отынмен тұрақты жабдықтауға қатысушылардың (жеткізушилер мен тұтынушылар) өзара іс қимылын үйлестіру;

- 12) заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету;
 - 13) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;
 - 14) қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін басқа да функцияларды жүзеге асыру.
17. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқығы мен міндеттері:
- 1) әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары, ауданының дамуының басымдықтары мен стратегиялары жөнінде аудан әкіміне және әкімдігіне ұсыныстар енгізу;
 - 2) өз құзыretі шегінде орындау үшін міндетті белгілер мен нұсқаулар беру;
 - 3) аудан әкімі аппаратының бөлімдерінен және басқа мемлекеттік органдардан қажетті ақпараттарды сұрау және қабылдау;
 - 4) тексерулер, сараптамалар мен кеңестер өткізу және комиссияның жұмысында қатысу үшін басшыларымен келісім бойынша аудан мекемелері, кәсіпорындары, ұйымдары, қоғамдық құрылымдарының мамандарын тартуға;
 - 5) аудан аумағындағы энергетикалық қызметінің барлық субъектілерімен орындалу үшін міндетті болып табылатын энергетикалық саясатын іске асыру мәселелері жөнінде өз құзыretі шегінде шешімдер қабылдау;
 - 6) бақылау мақсатында энергетика, жол, су және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының объектілеріне барып тұру;
 - 7) ауданының қаржы-несиелік, инвестициялық, жекешелендіру, салық саясаттары жөніндегі шешімдерді әзірлеу және талқылау үшін қалыптасатын кеңес комиссиялары және жұмыс топтарының жұмысына қатысу;
 - 8) заңнамада бекітілген тәртіпке сай қоғамдық мониторинг жүргізетін екілетті емес құрылымдарға тиісті ақпарат ұсыну;
 - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесін басшылықты "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бөлім басшысы жүзеге асырады.

19. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді;

2) "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүктелген функциялардың орындалуына дербес жауапты болады;

3) бекітілген заңнамалық тәртіпке сәйкес "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмысшыларын лауазымға тағайындауды және орнынан босатады;

4) сенімхатсыз "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі атынан әрекет етеді;

5) бекітілген заңнамалық тәртіпке сәйкес "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмысшыларын тәртіптік жазаға тартады және босатады;

6) "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмысшылары орындауға міндетті бүйрықтарға қол қояды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа өкілеттіктерді іске асырады.

"Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

4. Мемлекеттік органдың мүлігі

21. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі оралымды басқару құқығында заңнамада көзделеги жағдайларда жедел басқару

құқығында оқшалауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі, оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өздей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.